

ӘОЖ 811.512.122:398

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ АЛҒЫС-ҚАРҒЫС СӨЗДЕР**

**Түгелжанова Марал Бектұрғанқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
«7М01717 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Қазақ тілінде алғыс-қарғыс сөздердің қолға алынып зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың аяғына қарай деп есептеледі. Бүгінгі күнге дейін халық ауыз әдебиетін зерттеп келген С.Негимов, Т.Қазиұлы, А.Сейдімбек, С.Кенжеахметов, З.Үмбеталлина сынды білім адамдары жақсы сөздерді халық фольклорының бір бұтағы ретінде қарастырып, оның шығу тегін дінмен байланыстырып жатады. Бірақ жақсы тілек сөздердің тілдік тұрғыдан зерттелуі сол беті жалғастырылмай қалды. Тек 1970 жылдардан бері ғана алғыс-қарғыс сөздер тіл

мамандарының назарын аударта бастады. Бұл кезеңде зерттеу жұмыстарына бетбұрыс жасаған Н. Уалиев, Р. Сыздықова, А. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы сынды ғалымдар болатын. Бұл тақырыпта орасан еңбек танытқан С.Төлекова еді. Өзінің 1975 жылы докторлық диссертациясында бұл тақырыпты яғни алғыс-қарғыс сөздерді кең көлемде қарастырды. Оның зерттеуіне сүйенсек алғыс-қарғыс сөздер халқымыздың фольклорының бір бұтағы емес, ертеден қалыптасқан көңіл-күй лебіздерін білдіретін тіркестер деген тұжырымға келді. Алайда 1993 жылы жазылған А.Қобыланованың «Қазақ тіліндегі сөз этикеті» атты еңбегінде алғыс-қарғыс сөздердің тек қана көңіл күйді паш етуден туған сөз бірліктері емес, антропологиялық тұрғыдан адамдар арасында пайда болған әрекеттер нәтижесінде ортаға шығып, өзіндік орнын тапқан қалып сөздер дегенді алға тартты.

Қазақ халқының лексика қорына келетін болсақ, алғыс пен қарғыс қосарлана айтылатын, тіпті өзара ұйқасты сөздер болып табылады және олар бір-біріне қарама-қарсы ұғым ретінде қабылданады. Бұған зерттеуші С.Бизақов мынандай анықтама береді: «Біреудің екінші адамға немесе адамдар тобына ықылас білдіріп, рақмет айтуын алғыс дейміз. Алғысты білдіретін арнайы сөздер, сөйлем түрлері бар». Одан әрі автор қарғыс мәнді сөздерге де былайша анықтама беріп кетеді. «Қарғыс тек қорлық көрген, азапталған кезде ғана емес, көңіл-күйі болмай, қатты кейігенде, керегінен айрылып өкінгенде т.б. жағдайда да айтылып қалады. Мән-мағынасы алғыс пен бата-тілекке керісінше болып келетін қарғыс пен лағынетті білдіретін сөздер адамшылыққа жатпайтын оғаш, жан түршігерлік қиянатты қылмысты қылық көрсеткендерге қарата айтылады» [1, 193 б.].

Ал энциклопедиялық сөздікте алғыс пен қарғыс сөздеріне мынандай анықтама берілген: «Алғысқа қарама-қарсы ұғым қарғыс деп аталады. Демек қарғыс - зәбір-жапа шегіп, адамның зәбірлеушісіне ашынып айтқан зілді, кейіс сөзі, лағынеті. Қарғыс - парасихологияда тіршілік иесінің зәбірлеушіге қарсы кері әсерлі қуат күші» [2, 633 б.].

Ал Ж. Кейкін: «Алғыс – жеке адамның еліне сіңірген игі еңбегіне, халыққа көрсеткен құрметіне, ерлігі мен парасаттылығына, қандастарына жасаған жақсылық істеріне ризашылық, ізгі ниет, ықылас. Алғыс, көбіне, ақ тілеу, қысқа қайырымды ақ бата яғни оң бата ретінде айтылады. Мысалы: «Қуанышың қойныңа сыймасын!», «Қазаның орта болмасын, оттан түспесін!», «Жапырағың жайылсын!», «Екі дүниенің қызығын көр!», «Қатарыңның алды бол!», «Ақ сақалды, сары тісті бол!», «Біреуің екеу болсын!», «Жасаған жақсылығың алдыңнан шықсын!» т.б; Ал қарғыс – кейбіреулердің елге, халыққа жағымсыз қылықтарын, адамға көрсеткен зорлығы мен зомбылығын, ұрлығы мен қылмысын, өтірігі мен өсегін, жаласы мен пәлесін, жалпы адамгершілік қағидасын бұзған ерсі әрекеттерін айыптау, кесірлі істеріне қарай кінәлілерге жаманшылық тілеу, нәлет айту. Мысалы: «Құдай қарғасын немесе Құдай атсын!», «Әулиенің киесіне ұрсын!», «Қарғыс атсын!», «Шаңырағың ортаңа түссін!», «Туырлығың тілінсін!», «Ошағың өшіп, қазаның қирасын!» және т.б. Халықта «қарғыс жібермейді, қарғыс алған адам түбі оңбайды» деген ұғым қалыптасып қалған. [3, 328-331 б.].

Осы анықтамалардан көретініміз, алғыс пен қарғыс ерекше бір көңіл-күй жағдайымен байланысты екен. Сондықтан белгілі ғалым С.Бизақов оның екеуін де көңіл-күй лебіздеріне жатқызады. Ол алғысты жағымды, көңіл раймен байланысты айтылатын сөзге жатқыза, қарғысты жағымсыз көңіл - күй лебізіне жатқызады [1, 308 б.]. Алғыс ризашылық сезімнен, толқудан, қуаныштан туады, ал қарғыстың табиғаты қарама-қарсы, ол реніштен, жек көруден, ызадан және дәрменсіздіктен туады. Ал қарғыстың негізгі мақсаты - адамға жамандық тілеу. Зерттеушілер сонымен қатар, қарғыстың адамнан басқа «малға айтылатын зілсіз қарғыс», «өтірік қарғау», «ант-су ішіп қарғану» (Қар.: Бизақов С.) сияқты түрлерін айтады. Осы жағынан алғанда алғыстың тек адамға бағыттала айтылатынын айта кеткен жөн сияқты.

Түрік халқы өте сезімтал халық. Сезімталдық көп жағдайда біздің өмірімізді басқа арнаға бұрып, кей кездері түзетіп те жатады. Адамдардың Тәңірден пана сұрауы, қиналған сәттерінде оған дұға етіп, жақсылықтан үміт етулері, халық мәдениетінің де біршама жақсы дәрежеге көтерілуіне жағдай жасайды. Осылайша жақсы және жаман тілектер халық

мәдениетін айқын әрі тиімді түсіндіре отырып, оған өзіндік сән мен өң береді. Ескі Түрікшеден бүгінгі күнге дейін адамдар арасында жиі қолданыста болған дұға, тілек, алғыс-қарғыс сөздер тобы халық мәдениетінің өзгеріске ұшырап тұруына әлі күнге дейін әсер етуде десек артық айтқандық болмас. Түрік тілінде алғыс сөздер үлкен мағынаға ие. Күнделікті өмірімізде жиі қолданыста жүрген алғыстар түрік тілінде «жақсы тілек» деген сөзбен алмастырылып қолданылса, қазақ тілінде «дұға», «бата», «алғыс», «тілек» атауларымен пайдаланылады. Алайда қазақ тілінде бұл алғыстар жас ерекшеліктеріне байланысты бағыттталып айтылып жатады. Мысалы: «Дұға» Аллаға жақын жандардың тарапынан әр уақыт оқылып жүретін жақсы сөз, ал «бата» болса, «фатиха» сөзінің фонетикалық жақтан өзгеріске ұшыраған түрі. О баста өлген жандардың артынан рухына бағыттталып оқылып жүрген бата тілек, бертін келе үлкен жастағы аталар мен ақсақалдардың кішілерге арнап айтатын жылы лебіз ниетіне қарай ауысқан.

Алғыс сөзі Ескі Түрікшеде «alkamak» яғни біреуге алғыс айту, мақтау, жақсы ниет білдіру дегенмен мәндес. Қазіргі түрік тілінде де «alkışlamak», «alkış almak» алғыс алу, мақтау сөз есту, қазақ тілінде де тек жақсы бағытқа бағыттталған. Алғыс сөздер жалпы тілімізге жақсы ниет,ықыласпен айтылатын сөздерді қалыптастырған сөздер. Алғашқы уақыттарда үлкен күш, сиқыр мағынасына жақын қолданылған алғыстарды Доған Кайа «Біреуге жақсылық тілеу үшін Аллаға табыну, жақсы ниетте болу» деп топшылайды.

Түрік тілінде алғыс сөздерді кең көлемде зерттеуді Л.Сами Акалын бастаған болатын. Ол: «Dilimizde kullanılan alkış ve kargış sözler insanın iç durumun belirten sözlerdir» («Тілімізде қолданыста жүрген алғыс-қарғыс сөздер адам баласының ішкі сезімдері мен толғаныстарынан туатын сөздер») [4].

Оның зерттеуінше, адамзат тіршілік ететін дәуірде жақсы ниетте болсын жаман ниетте болсын қолданылатын мұндай қалып сөздер күнделікті тіршіліктегі адамдардың басынан кешіретін мәселелерінің не болмаса қуаныш, күйініштерінің нәтижесінде дүниеге келеді. Не дегенмен екі тілде де бүгінгі таңда алғыс-қарғыс сөздердің зерттелуі мен қолданылуы ерекше орынға ие болып отыр. Олар түрік тілінде «дуа», ал қазақ тілінде «алғыс, дуа, бата» деген атаулармен қарсымызға шығып отырады [4].

Адамның өз ойын түсіндіріп, жеткізе білу, екінші бір адаммен ой бөлісу, қал сұрасу, сәлемдесу, қоштасу, көңіл күйін білдіру амалдары негізінде қалыптасқан тіл, ең алдымен, мәдениетті жеткізуші құралы ретінде қоғаммен тығыз байланыста. Яғни әрбір адам өз ойы мен сезімін тіл арқылы жеткізеді. Бірақ ойды жеткізу жолы, адамдар, әлеуметтік топтар, қоғам, тіпті ұлттар арасында әртүрлі болып келеді. Әрбір ортаның өз ойын жеткізу тәсілі сол тілге тән мәдениетті қалыптастырады. Бұны сөйлеу дейді. Сөйлеу тілі құрамында жағымды, жағымсыз түрлі тақырыптарды қамтитын құрылымдар, сөз орамдары мен тіркестер бар. Бұл тіркестер мен құрылымдар, сөз орамдары қаншалықты көп және әр түрлі болса, тіл де соншалықты қолданысқа түседі. Көбіне, ауызекі сөйлесу арқылы ғасырдан ғасырға, ауызданауызға жеткен, санамызда жатталып, қолданысқа әзір тұратын бұл тілдік бірліктерді қалып сөздер деп атаймыз.

Қалып сөздер белгілі бір жағдайларда айтылуы әдетке айналған стереотип сөздер болып табылады. Олар қоғамның өмірі мен мәдениетінен хабар беретін сөздер болып табылады. Басқаша айтқанда, қалып сөздер – қоғамның мәдениетін, сенім-нанымын, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін, әдет-ғұрпын танытатын сөздер. Бұдан бізге дейінгі өркениетті қоғамдардың өзінде мыңдаған жылдық тарихы бар, көненің көзі болған құндылықтардың өміршең екендігін көреміз. Қалып сөздердің бұл қызметіне қарап, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, яғни ауыз әдебиеті, тілдік мәдениеті жоқ қоғам болмайтындығын айтуға болады.

Қарғыс мәнді сөздер – бүкіл түркі мәдениетіне ортақ тілдік бірліктер. Оның дәлелі – қарғыс сөздердің түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби ескерткіштерде кеңінен орын алуы. Бауырлас түрік тілінде де қарғыс мәнді қалып сөздердің сан алуан түрі кездеседі. Түрік тілінде қарғыс «beddua» (бәддуа) деген атауға ие. Парсы тілінің «жаман, жағымсыз» мағынасын беретін «бәд» сөзі мен араб тіліндегі «дұға» сөзінің бірігуінен қалыптасқан

«бәддұға» сөзі «жаман тілек» мағынасын беретін, қарапайым тілмен айтқанда, дұға сөзіне қарсы мағыналы сөз. Анадолының кейбір аймақтарында ah, бедат, иленч, инкисар, қаргыш, қарыш, лағнет деген атаулары да бар.

Түрік тілінде қарғыс сөздерді Сами Акалын, Х. Камиль Тойгар, Ерол Кайа, Доған Кайа сынды зерттеушілер жинақтап, топтастырып, жіктеп, өз зерттеулеріне арқау еткен. Алайда, бүгінгі таңда қарғыс сөздер тілтанымдық тұрғыдан қарастырылмаған. Доған Кайа тарапынан қарғыс сөздерге «шарасыз күйде қалған, қиналған, жамандыққа душар болған адамның ішіндегісін шығару, тыныштану мақсатында айтқан жаман ойлары мен тілектерінен құралып, тілге ерекше стильдік реңк беретін қалыпқа енген сөздер», деген анықтама беріледі. Кез келген мәдениетте орын алған қарғыс сөздер дертке шара іздеудің салдарынан туындаған. Басқаша айтқанда, қарғыс сөздер жамандыққа ұшыраған кісінің өзін осы күйге түсірген жанға қарсы айтқан негатив ойлары мен тілектерінен тұратын сөз орамдары болып табылады. Сонау көне түркіден бүгінгі таңға дейін қоғамның мәдени деңгейі өзгергенімен, адам баласы дұға-тілек, бата, алғыс, қарғыстарды әлі күнге дейін қолданып келеді. Мысалы: Түрік тілінде кездесетін қарғыс мәнді сөздердің көп бөлігі «Алла» сөзімен басталады. Мәселен, Allah kahretsin (Алла көзінді құртсын), Allah evin ibasına uksin (Алла шаңырағыңды шайқалтсын), Allah sana bilinmez dertler versin (Алла саған күтпеген дерт берсін), Allah gözünü köretsin (Алла көзінді көр қылсын), Allah seni sürüm sürüm süründürsün (Алла сені тентіретсін), Allah cezanı versin (Алла жазанды берсін) және т.б [5]

Қорыта келе, алғыс-қарғыс мәнді сөздер қазақ тілінде болмасын, түрік тілінде де болмасын айтылған кезде адамның сол сәттегі сезімін, ішкі жан қиналысын, тебіренісін, қуанышын береді. Алайда, айтылу себептері белгілі, санаулы болады. Ол себептер адамның мінез-құлқына, өмір сүру жағдайына, шартына және басынан өткізген оқиғасына байланысты өзгеріп тұрады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Бизақов, С. Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары / С.Бизақов. - Алматы: ТОО «Самара- Принт», 2007. - 308 б.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 5 том. Алматы, 1998.
3. Кейкін, Ж. Қазақы атаулар мен байламдар / Ж.Кейкін. - Алматы: «Өлке», 2006. – 456 б.
4. Акалын, С. Түрік тілек сөздеріндегі алғыстар мен қарғыстар: автореф, Канд.дис. / С.Акалын. - Анкара, 1990ж.
5. Қасымова Әсем Әленқызы, Памуккале университеті, Түркия, Денизли қаласы, «Ортақ түркі мәдениетіндегі қарғыс мәнді қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты»